аптalық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

18+

газета издается с 26.06.2004 года

№ 23/667

05 июня 2020 года

*4 маусым - Мелекеттік рәміздер күні*

# ПРЕЗИДЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтады. Бұл туралы ол өзінің Twitter парақшасында жазды.**



-Мемлекеттік рәміздер күні құтты болсын! Елтаңба, Ту, Әнұран – Тәуелсіздігіміздің басты құндылықтарының көрінісі, бейбітшіліктің, бірлік пен келісімнің, өсіп-өркендеудің белгісі. Біз халқымыздың мүддесін қорғайтын күшті, беделді мемлекет құру жолында биік белестерге бірге жетеміз, - деп жазды Президент.

**Дерек-көз: https://egemen.kz/**

*COVID-2019*

# ЕЛІМІЗДЕ КОРОНАВИРУСТЫҢ ҚАУПІ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ - МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ

**Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтік комиссия қабылдаған барлық іс-әрекеттерге қарамастан, қазақстандықтар арасында індетке шалдығу оқиғалары азаймай отырғанын Twitter парақшасында жазды.**

«Үкіметтік комиссияның барлық іс-әрекетіне қарамастан індетке шалдыққан азаматтарымыз азаймай отыр. Коронавирустың екінші толқынының қауіпі сейілмегенін ДДҰ да растады. Отандастарымызды жаппай ауруға шалдығудан қашып, індеттен қорғанудың жолдарын (арақашықтықты сақтау, дезинфекция, жеке тазалық, бетперде кию) ұстануға тағы да шақырамын», - деп жазды Президент.

**Дерек-көз: https://egemen.kz/**

*4-июня - День государственных символов*

# ПРЕЗИДЕНТ ПОЗДРАВИЛ КАЗАХСТАНЦЕВ С ДНЕМ ГОССИМВОЛОВ

**Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев опубликовал поздравление с Днем государственных символов РК, передает Kazpravda.kz.**

"***Поздравляю граждан РК с Днем госсимволов! Герб, флаг и гимн олицетворяют высшие ценности нашей Независимости – мир, единство, согласие, прогресс. Уверен, вместе мы добьемся новых побед на пути строительства сильного, авторитетного государства, стоящего на страже интересов народа***", - написал К. Токаев в Twitter.

Госсимволы РК являются отличительными знаками государства. К ним относятся флаг, герб и гимн.

Первый Президент РК - Елбасы Нурсултан Назарбаев 4 июня 1992 года подписал законы "О Государственном Флаге Республики Казахстан", "О Государственном Гербе Республики Казахстан" и "О музыкальной редакции Государственного Гимна Республики Казахстан". 6 июня в Алматы над резиденцией Президента и зданием Верховного совета РК был поднят новый флаг и установлен герб.

Этот важный для страны день отмечается с принятия 4 июня 2007 года Конституционного закона "О государственных символах Республики Казахстан".

8 февраля 2016 года постановлением Правительства РК были утверждены правила празднования Дня государственных символов. В документе приведен перечень мероприятий, которые могут проводиться по слу-чаю и в рамках праздника.

"Официальные и торжественные церемонии, спортивные мероприятия, посвященные празднованию Дня государственных символов, начинаются с поднятия и установки Государственного флага и сопровождаются исполнением Государственного гимна, при этом присутствующие поворачиваются лицом к флагу. При исполнении гимна присутствующие поют (выслушивают) стоя, при этом граждане Республики Казахстан прикладывают правую руку к сердцу", – говорится в постановлении Правительства.



Государственный флаг Республики Казахстан представляет собой прямоугольное полотнище голубого цвета с изображением в центре солнца с лучами, под которым – парящий орел. У древка – вертикальная полоса с национальным орнаментом. Изображение солнца, его лучей, орла и национального орнамента – цвета золота.

Автор Государственного Флага Республики Казахстан – заслуженный деятель искусств Казахстана Шакен Ниязбеков.

Государственный герб Республики Казахстан имеет форму круга и представляет собой изображение шанырака на голубом фоне, от которого во все стороны в виде солнечных лучей расходятся уыки. Справа и слева от шанырака расположены изображения мифических крылатых коней. В верхней части расположена объемная пятиконечная звезда, а в нижней части надпись "Қазақстан".

Авторами Государственного герба являются архитекторы Жандарбек Малибеков и Шот-Аман Уалиханов.

Авторами музыки первого гимна стали Мукан Тулебаев, Евгений Брусиловский и Латиф Хамиди. Текст был написан Музафаром Алимбаевым, Кадыром Мырзалиевым, Туманбаем Молдагалиевым и Жадырой Дарибаевой.

Основой второго гимна РК стала патриотическая песня "Менің Қазақстаным" (музыка Шамши Калдаякова, стихи Жумекена Нажимеденова). Перед утверждением в качестве Государственного гимна текст был доработан Президентом Нурсултаном Назарбаевым в 2005 году.

**Источник:https://www.kazpravda.kz**

*...Өз тіліңді құрметте!*

# ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ

Ел Тәуелсіздігінің басты белгісі - бұл ана тілі. Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады. Әр мемлекеттің өзі ғана ұғынатын тілі болғанындай, әр тілдің өзіне тән ырғағы, үні болады. Қазақстан халқының әрбір азаматы өз ана тілін толық сезінбейінше, ана тілінің қадір-қасиетін бағаламайынша, өз тілінің жүрек үніне құлақ түруі екіталай. Жүрегі тілім деп соққан әрбір қазақ азаматы туған тілімнің мәртебесі биік болса екен дейді. Демек, тіл қай елде, қай ұлтта болса да қастерлі, қадірлі, ұлттың құндылығы. Ана тілі әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады.

Тіл байлығы - әр елдің мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалған баға жетпес мұра. «Тіл- өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем», - деген мақалдың мағынасына тереңнен үңіліп қарайтын болсақ, көп дүниені ұғынуға болады. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлтқа болмыс туралы ақпараттар толық беріледі. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдете енгізу мәселесі өзекті тақырып болып отыр. Соңғы кезде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның өркен жайып дамуына ықпал ететін басты-басты қадамдар жасалуда. Аталған әрекеттердің бастауы - мектептерде қазақ тілін оқып-үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз. Ата заңының баптарында, сонымен қатар, Тіл саясатының тұжырымдамасы мен «Тіл туралы» Заңда айтылған басты мәселе - мемлекеттік қазақ тілін дамыту. Ең бастысы, қазір қазақстандықтар тарапынан мемлекеттік тілді қолдау және дамыту бағытында барынша мүдделік танытып отыр. Тіл тағдырына жанашырлығымыз бен қамқор-лығымыз артуда. Қазіргі таңда көптеген отбасылар балаларын қазақ тілінде оқыта-тын мектептерге ана тілін жетік меңгеру үшін беріп, оқытып




жатқандары қуантарлық жағдай. Тілге құрмет - халыққа құрмет. Тіл мәртебесі – ел мерейі! Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

**Г. Жұмабаева,**
***«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ әдіскері***

*Ғасыр дертімен күрес*

# ҚАЗАҚСТАНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ: МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҒЫ



Қоғамдық қарым-қатынастар дамуының ажырамас бөлігі бола отырып, сыбайлас жемқорлық елдің саяси тұрақтылығына, ұлттық қауіпсіздігіне, экономикалық дамуы мен өсуіне қауіп төндіретін жағымсыз құбылыс ретінде қарастырылады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың таралу дәрежесі ел тұрғындарының билікке сенімділігінің деңгейін анықтайды, яғни сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық қатынастардың тұрақтылығына қауіп төндіретін қоғамның басты дерті. Онымен күресу, таралу аумағын шектеу әлемнің барлық елдері үшін, соның ішінде Қазақстан үшін де дамудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттары «Қазақстан-2050» стратегиясы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» және өзге де бағдарламалық құжаттар негізінде белгіленген. Осы ретте сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтудың мақсатты индикаторларына қол жеткізу алгоритмі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияда белгіленген, ол бүгінгі күні сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспарлаудың көп деңгейлі жүйесіндегі басты бағдарламалық құжат болып табылады.

«Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» атты 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «күн тәртібінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі күрес мәселесі түспейді» деп атап кетті, осыған байланысты Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жемісті жұмыс жүргізілген Қазақстан Республикасы Агенттігінің мемлекет қызметінің ерекше рөле меңзеп отыр.

Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қорытындысы Агенттік дайындаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы 2019 жылғы ұлттық баяндамада» көрініс тапты. Бұл баяндаманың маңызы зор, себебі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында жүргізілген ауқымды жұмыстардың нәтижелерін көруге мүмкіндік береді.

Баяндамада ел басшыларының негізгі стратегиялық тезистері келтірілген және сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеу саласындағы негізгі оқиғалар сипатталған. Оның ішінде баяндамада сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың архитектурасы, елдің қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықтың аспектілері талданады.

Баяндаманың құндылығы мемлекеттік органдарды, квазимемлекеттік секторды және қоғамдық ұйымдарды есепке алғандағы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзара қарым-қатынастардың барлық субъектілері қызметінің нәтижелерін келтіру арқылы айқындалады. Баяндама материалдары жеткілікті дәрежеде ұғымды, құрылымды және көрнекі түрде жазылған.

Біздің еліміз 2019 жылы «Transparency International» халықаралық ұйымы жасаған сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі бойынша әлем елдерінің рейтингісінде 113 орынды иеленді. 2018 жылмен салыстырғанда ел рейтингте 11 позицияға көтерілді. осы индекс деңгейі бойынша Қазақстан Орталық Азияда көшбасшы болып табылады, тіпті Ресейді 24 позицияға озып отыр. Сондай-ақ, әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингі және Doing Business рейтингі сияқты бірқатар басқа да әлемдік көрсеткіштер бойынша позициялардың жақсарғаны байқалады. Менің ойымша, бұл үкімет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жемқорлыққа қарсы қызметінің жоғары прогрессивтілігі мен нәтижелілігін көрсетеді.

Сонымен бірге, баяндамада сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың құқықтық негіздері, мақсаттары мен міндеттері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің институционалдық қайта құрулары көрініс тапқан.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты ретінде «барлық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту және оның кез келген көрініпсіне «мүлдем» төзбеушілік атмосферасын құру жолымен сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету» қарастырылады.

2019 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту бойынша бірқатар маңызды заңнамалық шаралар қабылданды:

-бағыныштылар арасында сыбайлас жемқорлық көріністері үшін басшылардың жауапкершілігін белгілеу;

-ұжымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өз міндеттерін жүйелі түрде елемегені үшін басшының жауапкершілігін енгізу;

-нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізуді қалпына келтіру;

-сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарламалары үшін азаматтарды қолдаудың сараланған жүйесін енгізу.

Берілген шаралардың барлығы Коруп-цияға қарсы қызметтің назарында, және жіті бақылуында.

2019 жылы жедел желілерді жүргізу, азаматтарды қабылдау, интернет-конференциялар мен әлеуметтік желілер арқылы «еститін мемлекеттің» тұжырымдамасы дәйекті түрде іске асырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшылығы барлық деңгейлерде азаматтарды қабылдау жиілігін ай сайыннан апта сайынға ұлғайтты, сондай-ақ әкімдіктердің қолдауымен «Antikor ortaly story» кеңселерінің фронттары, open-space алаңдары, «Сары – арқа-адалдық алаңы», арнайы мониторингтік топ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық-ағартушылық штаб құрылды. Осыған байланысты өтініштер санының 3 есеге өсуі байқалады, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және халықтың сенім деңгейін арттыру бойынша жүргізілген шаралардың тиімділігін көрсетеді.

Саяси ұйымдар, партиялар сыбайлас жемқорлықпен күреске өз үлесін қосуға дайын және енгізуі тиіс. Мысалы, «Nur Otan» партиясы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025 жылға дейін бағдарламаны» іске асыруды жалғастыруда, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған бастаманың қағаз жүзінде қалып қоймай, шындыққа айналуын бейнелейді.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша белсенді жұмысты Қазақстан халқы Ассамблеясы, Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Халықаралық бюро, кәсіподақтар Федерациясы, Қазақстанда парламентаризмді дамыту қоры, «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірінші медиа орталығы және т. б. сияқты ұйымдар жүргізуде.

Атап өтетіне, 2019 жылы 2245 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тіркелді, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 130 бірлікке төмен. Соңғы жылдары тіркелген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының тұрақты төмендеуі оң фактор деп ойлаймын. Белгіленген залалдың 92% өтелді, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің нәтижелі жұмысының көрсеткіші болып табылады.

ЭЫДҰ-мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастық және Стамбул келісімі мониторингінің 4-ші раундын іске асыру шеңберінде 20 ұсыныс бойынша прогреске қол жеткізілді. Және де, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы өкілдерінің және бағалау топтары мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне қатысты Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесі арасындағы келісім ратификацияланды.

Сыбайлас жемқорлықты жою мақсатында Қазақстан GRECO қағидаттарына сәйкес келетін стандарттарды енгізу бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Бұл халықаралық сарапшылардың бағаларымен, елдің әлемдік рейтингтеріндегі ұстанымдарымен расталады.

Баяндамада 2019 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалған. Олардың арасында атап өтуге болатыны:

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа құралдарын іздеу;

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті цифрландыру;

-сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған тұлғаларды қорғаудың кешенді жүйесін қалыптастыру;

-сыбайлас жемқорлық ұғымын кеңейту;

-Дүниежүзілік Банктің әдіснамасы бойынша салалық индикаторлардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы егжей-тегжейлі маршруттық карталарын әзірлеу;

-мемлекеттік сатып алулар саласына блокчейн және мемлекеттік қызметтерді енгізу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қалыптастырған осы ұсыныстар аса құнды деп санаймын және олар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ қоғамдық сенімнің деңгейін арттырады.

Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі сыбайлас жемқорлыққа деген теріс көзқарас қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы тиімділікті арттыруға және жедел шаралар қабылдауға ерекше назар аударады.

***Авторы:*** **Шакенов Денис Владимирович – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы.**

*Оқыдық, пікір айтамыз!*

# САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУҒА ҮНДЕУ ЖОЛДАНДЫ

Бүгін мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеу жолдады. Жиырмасыншы ғасырдың 20-50-жылдары аралығындағы қызыл империяның халқымызға жасаған зұлмат қастандығы, жасанды ашаршылық, соның кесірінен қазақ ұлты қаймақтарының жазықсыз атылып кетуі, қолдан жасалынған аштықтан қарапайым халықтың жапа шегіп, аштықтан қырылуы, жүз мыңға жуық азаматтарымыздың қуғындалуы, олардың әйелдері мен балаларының, жақын туыстарының да қуғыннан тыс қалмағандығы, осының бәрі әрбір азаматтың жүрегіне жазылмастай жара салғанын айтқан мемлекет басшысы саяси қуғын-сүргін құрбандарына еліміз тәуелсіздік алған соң ғана шынайы құрмет көсетіле бастағанын баяндаған.



Сол жылдары бұл зұлматтан өзге Республикалар да тыс қалмаған. Мыңдаған адам басқа елдерден Қазақстанға жер аударылып, оларды өздері аш-жалаңаш отырған қазақ халқы жатсынбай бауырына басып, бөлмесінің бір бұрышынан орын ұсынып, қолында бар жарты нанымен бөлісуі біздің қазақ халқының жомарттығын, мейірімділігін, қайырымдылығын көрсетсе керек. Осынау қатаң сыннан еліміз ата-бабадан дарыған қайсарлықтың, төзімділік пен шыдамдылықтың арқасында аман өтіп, еңсесін қайта көтеруге қол жеткізді. «Тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырдым», - деді Президентіміз Қ.Тоқаев үндеуінің соңында.

Артта қалған ғасырдың ақтаңдақ жылдары мен азаматтарымыздың жазықсыз жазалануы, жасанда аштықтан халқымыздың қырылып кетуі ұлтымыздың сан жағынан өсуіне орасан зор зардабын тигізді. Тоталитарлық жүйенің бұл қылмысы, ашық түрдегі қастандығы ешқашан жадымыздан өшпейді, бейжай кеткен боздақтарымыздың есімдері ұмытылмайды және санамызда жаңғыра түседі. Олардың рухына бас иіп, тағзым ету, олардың әруағына арнап құран бағыштап тұру біздің әрбіріміздің мұсылмандық һәм адамилық парызымыз болуы тиіс.



**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

# ЖАҺАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

*Назарда ұлттық сана*

«Жаһандану» ұғымы ағылшын тіліндегі «global» ұғымынан алынған, оны «әлемдік», «дүниежүзілік» деп аударуға да болады. Ал мағыналық тұрғыдан алғанда, бүкіл әлемді қамтыған, яғни құрлық шеңбері шектелмеген, әлемдік деңгейде жүріп жатқан қандай да бір іс-әрекетті білдіреді. Жаһандану – біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру үдерісіне ілесу дегенді де білдіреді. Осы жаһандану заманында ұлттық сананы қалай қалыптастыруға және дамытуға болады?

Елбасы Н.Ә.Назарбаев жаһандану жайлы былай дейді: *«Жаһанданудың екі түрі бар. Бірі – неолиберализм. Бұл бағытта шикізат пен жоғарғы технологиялық өнімдердің бағасының теңдігі сақталмауы арқылы, мемлекеттердің бай және кедей болып екіге жарылуы жүзеге асады. Бұндай жаһандану адамзаттың үстем бөлігінің кедейшілік пен қараңғылықтан шығуына жол бермейді.*



*Жаһанданудың екінші түрі – мемлекеттер, халықтар, діндер арасындағы ашық пікір алмасу мен тең қатынас арқылы әркімнің өз даму жолын таңдауына, әлемдік нарық жағдайында өз үлесін әділ алып отыруына, қай елде тұратынына қарамастан адамдардың теңдігі сақталуына қол жеткізеді».*

Қазір барлық мемлекеттер жаһандану жағдайына бейімделіп күн кешуде. Бұл дегеніміз батыстық өркениетті меңгеру жолында ұлттың төл тарихы мен мәдениетін жоғалту қаупі бар деген сөз. Батыстың білімі,



ғылымы, технологиясы біздерге қажет-ақ, бірақ шамадан тыс еліктеу дәстүрлі тәрбиелік, адамгершілік құндылықтардан айырады. Сондықтан жаһандануды әрбір ұлт немесе мемлекет өз болмысына қарай бейімдеп сіңіре алса қауіпсіз болары анық. Біз осы уақытқа дейін ұлттық мәдениет пен тіл, дін мен діл және басқа да мәселелер түбегейлі шешілді деп айта алмаймыз.

Әрбір халықтың өткен тарихы өз өрнегімен сипатталып, халықтың тағдырына ықпал етеді. Сондықтан әрбір ұлттың өмірінде, мәдениеті мен рухани-психологиялық келбетінде өткен өмірдің іздері анық көрініп, ұлттық кадір-қасиет пен әдет-ғұрыптар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, біздің заманымызға дейін жетіп отыр.

Ал жаһандану үдерісінде қазақ қоғамында, әсіресе келесі ұрпаққа салт-дәстүрді насихаттап, ата салтын жалғастыру үшін ұлттық тәрбиеге көбірек көңіл бөлуіміз керек. Елбасының 2018 жылғы қазан айындағы халыққа жолдаған Жолдауында *«Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау – мемлекеттік саясатының басымдылығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын»* деп жастар мәселесіне көбірек көңіл бөлу керектігіне басты назар аударып отыр.

Қазақ халқы балаға тәрбие беру ісін қашанда үлкен даналықтың, көрінісі деп санаған. Сондықтан ұлттық тәрбиенің ең маңыздысы – әрбір жеке тұлғаның белгілі бір ұлттың мүшесі екенін сезінуге, ойлануға, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу. Себебі, талай халықтың дамыған ұлттың жетегінде кетіп, сол ұлтқа сіңіп, жоқ болып кететіні тарихтан аян. Сондықтан да ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін, қоғамда болып жатқан жаңалықтарды ақиқат ретінде қабылдап, озық бөлігін ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналдыра білуіміз керек. Өйткені мұндай жаңалықтарды жастар тез бойына сіңіріп алады. Біздің менталитетімізге еніп жатқан жаңалықтарды ұлттық болмысымызға қарай бағыттап, заман талабына сай әрекет етпесек, тарихи дәстүрлерімізді де жаңғырта алмаймыз.

Жаһандану үдерісіндегі ұлттық тәрбиеде жастарды қазақ халқының өткен тарихын меңгерту және бүгінгі тарихи кезең аясында бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық жағдайдан шығу жолдарын қарастыру секілді екі бағытта тәрбиелеу керек деген пікірдемін. Өйткені, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, салт-дәстүрі, тілі мен ділі, сенімі мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен өткен рухани құндылықтарға мән берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де шешілуіне ықпал етеді. Сондықтан ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиенің негізгі қағидаларының біріне айналмақ.

Дегенмен, өзіндік «менін» сақтап қалуға ұмтылған халық, өз тарихы мен дәстүрін, ана тілі мен ділін, дінін, мәдениетін сақтап қалу жолында күреседі. Олай болса осы айтқандарымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге қатысты жүзеге асырылуы тиіс әрекеттер.

Бүгінгі қазақ ұлты – «Рухани жаңғыру» аясында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясымен қаруланған тәуелсіз ел. Қоғамдағы жастардың таным-түсінігі мүлде басқаша. Олар өздері қалаған ісімен айналысып, еркін әрекет ете алады. Тіпті ұлттың құрамы ала-құла, яғни отбасының құрамы ала-құла болған соң, тілі де біркелкі емес. Кез келген мемлекеттің дамып, гүлденуіне көзі ашық, көкірегі ояу білімді ұрпақ болуы шарт. Білімді ұрпақ дегеніміз – инновациялық терең білім алған, технологиялар әлемінде қабілетті, тарихы мен мәдениетін ұғынған, тілі мен дінін сақтаған рухани таза ұлттың ұрпағы.

Рухы мен мәдениеті биік, білімі терең ұлт жаһандану деген алып мұхитта өз келбетін жоғалтпайды. Ондай ұлттың да, мемлекеттің де болашағы жарқын болатыны сөзсіз.

Шығыстың ұлы ойшыл ғалымы Әл-Фараби: «Маған жас жеткіншектеріңізді көрсетсеңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін», – деген екен. Олай болса ұрпақ тағдырын ұлт тағдыры деп қарап, еліміздің дамуына өз үлесін қосатын азаматтарды тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

***«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысы аясында***

*Туған жер тарихынан*

# ҚЫЗЫЛҚҰМ – ТАУЕЛІБАЙ

***Осы биылғы жылы біздің тарихи Отанымыздың шекарасынан өтіп, бүгінгі құт мекеніміз – Приозерск қаласына табан тірегенімізге тура ширек ғасыр толады. Осында дүниеге келген балалардың алды 25 жасқа толмақ. Олар атамекендері туралы не біледі? Оларға ата-әжелері ата қоныстары туралы тарихтан сыр шерте ме? «Қызылқұм – Тауелібай» жайында хабардар ма?.. Жалпы, адам баласы түп қазығы тарайтын мекен туралы біліп жүрулері шарт. Осы сұрақтар мазалағандықтан, осы мақалада атамекеніміздің тарихына тоқтала отырып, ізімізден ерген жас толқынға біраз мағлұмат беруді мақсат еттік. Мақаланың негізгі мәтіні «Қызылқұм – Тауелібай» жайында қалам тербеп жүрген Ерали Арапбаев ағамыздың жазбасынан алынды.***

«Тауелібай» – Өзбекстанның бұрынғы Бухара, бүгінгі Науаи облысының Солтүстік аймағын алып жатқан аймақ. Бұл аймақтың басым бөлігі – 1928-жылы 12-сәуірде Қазақ АССР-інің құрамында құрылған Тамды ауданына қараған. Аудан үш болыс: «Тамды», «Мыңбұлақ» және «Қарақалпақ» болыстары негізінде ұйымдастырылған. Тамды аудандық алғашқы ревком 1927-жылы 3-шілдеде ұйымдасқанымен, өз алдына аудан ретінде 1928- жылы нақты бекітілген. Бір қызығы – Тамды ревкомы әу баста Мыңбұлақта орналасқан. Тамды ауданы әуелі Сырдария губерниясына (облысы), кейін Қазақ АССР-інің құрамындағы Қарақалпақ автономиялы облысына қарады, ал 1943-жылы майдан жүріп жатқан кезде қарым-қатынастың қиындығына байланысты Бухара облысының құрамына өткізілді. Енді сол аймақтағы кейбір жер атауларына жекелеп тоқтала кетейік:

Үш құдық. Үш құдықта Майдабек деген отарбай балқының үш құдығы болған мал суаратын, содан қалған. Қақпатас. Қақпа-тас ол да сол қақпақтай тастары бар таудың етегінде жайласқан. Қаратамыр Мыңбаев Дархан деген «мясной король» атанған ұрпақтан ұрпаққа өткен жылқышының ауылы. Жыланды. Үшқұдықтағы ГМЗ-3 зауытының жанындағы жер аты. Сонау Қазалы өңірінен күйеуі Тобықтыны іздеп келе жатқан Байбосын апамыздың ұлы Назармен, ағаларымен тартқан көші арада біраз күндер өтіп, Тауелібай жерінің қазіргі Үшқұдық өңіріне жетіп, осынау Жыланды деп аталатын таудың етегіне келіп көшін тоқтатып, сол жерден құдық қаздырады. 3-4 құлаш тереңдіктен тұщы су шығады. Бірақ ол құдықтың ішінен жылан шығады, осылайша тағы үш жерден құдық қаздырса да, үшеуінен де жылан шығады. Сонымен сол жерге Жыланды деп атау береді. Ол жер қазірде Жыланды деп аталады, басында үш құдығы бар. Байбосын апамыз осы жерде алтын бар екенін сол жыланнан біледі. Жыландыны мекен етіп, алтын табылып, сол алтынды жасырын ұстап, жаңғыз ұлы Назарға сақтап, оны Қарақалпақ елі Төрткөлге оқуға жібереді. Әлім қарасақалдың Сарыбасы Тынымбай, Жұбантай, Тышан бұл бабаларымыздың мазары Үшқұдықта, қазіргі «ГМЗ-3» алтын зауытының жанындағы Жыланды деген, Байбосын апамыздың өз қолымен қазған, қоныстанған құдықтарының жанындағы әулиеде.

Қызылқұмда алтын кенін табу жолында НГМК-да штаттан тыс қызмет еткен Назар ұлдары Ахмет, Дүйсенбай және менің бабам Дәулетбай жатыр. Бұрыңғыдан айтылған әңгіме бар, жылан жайлаған жерде Алтын бар, алтын мен уран егіз жүреді деп. Академик Ферсман кен жолындағы зерттеу жұмысын міне осы Жыландыдан бастаған, менің атамның үйінде тұрған, Дүйсенбай ата сол қазбалардан түйеге артып Каган теміржол вокзалына алып барып, Мәскеуге жіберіп тұрған. Содан сол атамыз почташы ата атанған.

Тобықты. Тобықты деген адам да шөмекей руынан болады. Кезінде әлімнің бір жігітін төбелесте өлтіріп қойып, осы Тауелібайға Қазалыдан қашып келеді. Өзі тентектеу кісі екен, Тауелібайға келгесін қыз-келіншектерге көп қырындап, елді шулатып жүреді. Бұл әңгіме Қиық-Қалтаң руының батыры Маябасқа барып жетеді. Маябас батыр бұл сөзді естіп:

–Ол қандай адам, қыз-келіншектерді қоймай жүрген, бақылап көріңдер деп адам жібереді. Хабаршы Тобықтыны жан-жақты тексеріп, тек қасында 7-8 адам бар екен деп Маябас батырға хабар береді. Сол кезде Маябас батыр өзіне сенiңкіремей, өнтек руының Сүгірәлі батырын шақыртып, Тобықты турасында түсініктеме беріп, екеулеп басын алуға аттанады. Маябас батыр келе жатыр, Тобықтыны және сендерді өлтіреге, қашыңдар деген сөзге Тобықты мән бермегесін қасындағы 7-8 жігіттері «Маябас, Маябас келсе аямас» деп қашып кетеді. Екі батыр Тобықтының басын шауып алады. Атам заманнан келе жатқан қағида бойынша батырлар жекпе-жекке шығып қайсысы мерт болса, сол жер сол өлген батырдың атына қойылады екен. Тобықты деген жер осы Тобықтының өлген жері екен. «Аяққұдық» сөзінің келіп шығуы, керуен өтетін жолдың бойындағы ағып жатқан бұлақтың атына қойылған деп естігем, сол бұлақтан өткен керуен, сусынын қандырып отырған дейді. Сол аяқ астында жатқан бұлақ болғаннан кейін «Аяққұдық» деп аталған дейді, бірақ қаншалықты рас білмедім.

Көказ ауылын бертінде кеңестік жүйеге сәйкес Авангард деп өзгертіп жіберген. Өгізтау. Негізі Оғызтау аталған екен. Ал, біз ес білгелі Өгіз, Өгізтау. Соңғы кезде осы тауды Керегетау деп жаңылысып жүр. 1973-жылы Ленин совхозы көшіп келді. Бөлек ауылсовет құрылды. Сонда Керегетау ауыл советі аты қойылды. Енді таудың атын Керегетау деп айтып жүр.



Қос шоқы. Жер атауы Үйректінің қос шоқысы, тіпті үйректі депте атайды.

Жантуар. Жантуар деген кісінің мал баққан жері, қонысы. Қорасы да бар-тын. Қазір білмеймін. Жолмен келе жатқанда сол Жантуардың сайының сілеміне іліккен жерде оң қол жағыңызда тас белгі тұратын. Жолдасов Базархан деген кісінің мотоциклден құлап қайтыс болған жері. Жантуардың сайынан бір шақырымдай жерде Қарақияның асты уран шақтасы ашық жатыр.

Самарқандтағы Тилла қари, Шердор медреселері. Сол Регистандағы медреселердің қабырғаларындағы арапша жазылған сөздерді тұңғыш аударған өзіміздің Сыр бойылық белгілі шығыстанушы ғалым Серәлі Лапин болатын.

Ауминзатау. Ауминзатау емес ол, Ызаның тауы деген. Нақ аты Ыза. Сол таудың ішінде құдық бар. Қазір білмеймін, 1990-шы жылдары бар еді. Жолдың оң жағында, таудың қуысында тандыр тұратын. Сол жерде құдық бар атауы Ыза. Тіке таудың қабағына көтерілер қауіптілеу жол еді. Ауминге баратын жол Маралдың үстімен өтеді. Марал деп отырғанымыз Ызаның тауының белі. Ал, сол жол жанай өтетін таудың жылтыр бетіне қашап жазылған адам аттары бар. Ол сол ортада жасаған адамдар есімі арабша да, кириллицамен де жазылған. Суы ащылау еді жаңылмасам. Аумин 10-шы партияның отырған жері. Аютереңнен қойды айдап келіп сол ызадан суарған.

Керіз. Ауылдағы әрбір жердің, құдықтың аттары бір затқа не адамға не бір ғажайып құбылысқа байланыстырып қойылады. Ол атауларды жергілікті тұрғындар жақсы біледі. КЕРІЗ сөзі КӘРІЗ деген сөзден алынбаған. Ежелден келе жатқан елді мекен ғой. КЕРІ ІЗ деген сөз болу мүмкін. Керізден Бесқұдыққа дейінгі аралықтағы жер атауларында даулы пікірлер көп болады. Әсіресе кешегі Ленин совхозы мен Аяққұдық совхозының арасындағы жер бөлісі көптеген атауларды өзгертіп жіберді. Себебі сол жерлерде өмір сүрген байырғы тұрғындар кетіп, орнына жаңадан келген ел ол жердің тарихын терең білмегендіктен көп атаулар ұмытылып қалады. Бұған дәлелдер де көп.

Өтемұрат. Өтемұрат ауылы Өтемұрат байдың атына қойылған. Кіші жүздің алаша руынан шыққан бұл кісі өте бай әрі жомарт адам болған деседі.

Өліат. Өліат сөзінің шыққан жері. Ертеде Тамды жерінде үлкен ас беріліп. Осы асқа Кенимехтан Испан деген кісі жүйрік атын аламанға қоспай тұрып, бәйгені маған бере беріңдер менің атым бірінші келеді депті. Сонда Тамды жерінде бәйгенің алдын бермейтін Қосбармақтың бір аты бар екен, екеуі дауласып Оқжетпес деген жерден жарысқа жібереді екен. Испанның адамдары, ат айдаушыларға бір тайлақ беріп, Қосбармақтың атын Испанның аты бір төбе асқанша шылаудан ұстап тұрған екен. Сөйтіп мәрені Испанның аты бірінші басып өткен көрінеді. Сонда Аңғара би «кімнің аты бірінші келді дегенде», «Испанның аты келді», депті. Аңғара би «тұқымың құрығыр-ай, сол тайлақты Қосбармақтар да беретін еді ғой» депті. Сол себепті Өліат сөзі шыққан деседі. (Негізінде «Өлат» сөзі «Уалаиат» (облыс) сөзінен шыққан деген жорамал шындыққа жанасады. (Н.Қарабеков).

Жүз құдық. 100 құдық атына сай наксы 100 болмаса да, әр үйде бір құдық бар деген сөзден келіп шыққан болуы мүмкін...

Көнтай. Көнтай деген ата ізінен ерген ұрпағы болмаған соң, атым өшіп кетпесін деген мақсатпен құдық қазып, су шығарған. Екі құдық бар, бірінің суы тұщы, екіншісінің суы ащы. Ашшы құдығынан малды суғарады, қырқым кезінде қойларды көпкіге салып жуып алатын.

Осы жазбаны оқып, назар аударатын ұрпақтарымыз болса, ата-бабамыз өмір сүрген, әлі де ағайын-туыс, жақын-жуықтарымыз өмір сүріп жатқан атамекеннің жерсу тарихынан хабардар болып, өзгелерге де айта жүрсе игі іс болар еді.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА *** ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

# «ЕҢБЕК» НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖӘНЕ ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУДЫҢ 2017-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕКІНШІ БАҒЫТЫ

**Шағын несие** - өздігінен жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыз азаматтарға өз ісін ашуға және ұлғайтуға, кооперативтер ашуға немесе қажетті кәсіпкерлік инфра-құрылымын жақсартуға мүмкіндік береді.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарла-масының екінші бағыты бойынша несие беру сомасы өтеу мерзімі 7 жылға дейін және несие үшін жылдық мөлшерлеменің 6% деңгейінде сақталуымен 16,0 млн. теңгеге дейін көзделеді.

Шағын қалаларда шағын несие беру ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры арқылы, соның ішінде олардың операциялық шығындарын субсидиялау тетігін қосқанда, қаржылық ұйымдардың тартылуымен жүзеге асырылады.

2019 жылы 13 жобаға сомасы 47,0 мың теңге бөлінді. 10 жобаға сомасы 45,99 мың теңге жолдама беріліп, оның ішінде 8 жобаға сомасы 34,3 мың теңгеге мақұлданды *(16 – 29 жас аралығындағы жастар 3 жоба)*.

2020 жылы шағын несие 10 адамға сомасы 39,48 мың теңге көлемінде бөлінді, оның ішінде 3 азаматқа 18,0 мың теңге көлемінде шағын несиеге жолдама берілді.

**Қайтарымсыз негізде мемлекеттік қолдау**

Бүгінгі таңда Елбасы ел экономикасын дамыту, халықтың әл-әуқатын жақсарту, сонымен қатар жұмыссыздықтың деңгейін төмендету мақсатында жеке кәсіпкерлікті дамытуға аса көңіл бөлуде. Осы бастаманы қолдау мақсатында «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде бастапқы бизнесті іске асырып жатқан немесе іске асыруды жоспарлайтын бағдарлама қатысушыларына өтеусіз және қайтарымсыз негізде мемлекеттік гранттар берілуде.

2019 жылы жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттарды беру үшін 100 және 200 айлық есептік көрсеткішпен (АЕК) барлығы 56 жобаға 23 987 мың теңге бөлінді, оның ішінде 100 АЕК – 11 жоба, 200 АЕК - 45 жоба оның ішінде «Жастар жылы» аясында жастарға - 30 грант, көп балалы отбасыларға – 5 грант, аз қамтылған отбасыларға – 5 грант және жұмысқа қабілетті мүгедектерге – 5 грант беру қарастырылған.

Қазіргі таңда 100 АЕК – 11 жобаға және 200 АЕК – 41 жобаға (көп балалы отбасыларға – 5 грант, жастарға – 28 грант, аз қамтылған отбасыларға – 4 грант, жұмысқа қабілетті мүгедектерге – 4 грант) қаражат берілді.

Қаламызда 200 АЕК көлеміндегі мемлекеттік грантқа ие болушы азаматшалардың бірі Джумагуль Маханбетовна Еримбетова. Қазіргі таңда алынған мемлекеттік грант көмегімен тігін кәсібін толыққанды жүргізуде.

Ағымдағы жылы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантқа 12 жобаға сомасы 6, 627 мың теңге бөлінді (200 АЕК ).

**«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ**

## Жаңа карантиндік фитосанитариялық талаптар

**«ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі Өсімдіктер карантині саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарға енген өзгерістерді жеке және заңды тұлғаларға жеткізу мақсатында келесіні хабарлайды:**

Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 11 ақпандағы "Өсімдіктер карантині туралы" Заңының 7-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленген, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 131 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 сәуірде № 20432 болып тіркелді) "Әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/66 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11781 болып тіркелген, 2015 жылы 1 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жария-ланған) күші жойылып, жаңа Карантиндік фитосанитариялық талаптар күшіне енді. Аталған жаңа талаптар карантиндік фитосанитариялық бақылауға және қадағалауға жататын карантинге жатқызылған өнімге (карантинге жатқызылған жүктерге, карантинге жатқызылған материалдарға, карантинге жатқызылған тауарларға), сондай-ақ карантинге жатқызылған объектілерге қойылады және карантиндік объектілердің әкелінуіне және таралуына жол бермеуге бағытталған.

***Туындаған сұрақтар бойынша Приозерск қаласы Пушкин көшесі 9/2 үйде орналасқан Приозерск қалалық аумақтық инспекциясына хабарласуыңызға болады. Байланыс телефоны 5-40-06.***

**«ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы» ММ**

## Новые карантинные фитосанитарные требования

**ГУ «Приозерская городская территориальная инспекция КГИ в АПК МСХ РК» в целях информирования физических и юридических лиц, о внесении изменений в нормативно - правовые акты в области карантина растений сообщает следующее:**

В соответствии с подпунктом 5) пункта 1 статьи 7 Закона Республики Казахстан от 11 февраля 1999 года "О карантине растений" на основании приказа Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 апреля 2020 года № 131 (Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 20 апреля 2020 года № 20432) утратил силу приказ Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 30 января 2015 года № 4-4/66 "Об утверждении фитосани-тарных требований, предъявляемых к ввозимой подкарантинной продукции" (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 11781, опубликован 1 сентября 2015 года в информационно-правовой системе "Әділет") и вступили в силу новые **Карантинные фитосанитарные требования.** Настоящие карантинные фитосанитарные требования предъявляются к подкарантинной продукции (подкарантинным грузам, подкарантинным материалам, подкарантинным товарам), подлежащей карантинному фито-санитарному контролю и надзору, а также к подкарантинным объектам и направлены на недопущение ввоза и распространения карантинных объектов.

***По всем возникающим вопросам можно обращаться в Приозерскую городскую территориальную инспекцию КГИ в АПК МСХ РК по адресу: г.Приозерск, ул. Пушкина, д.9, тел. 8-710-39- 5-40-06.***

**ГУ «Приозерская городская территориальная инспекция КГИ в АПК МСХ РК»**

## ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ!

**2020 жылдың 9 маусымы түнгі сағат $00^{00}$ - ден бастап, 10 маусым күні сағат $23^{59}$ дейінгі аралықта «КТҮҚҚБ» КМК қарасты су өткізігіш желілерінде суды тоқтатпастан, дезинфекциялау бойынша алдын алу шаралары жүргізіледі.**

Аталған уақыт аралығында Приозерск қаласының тұтынушыларына су өткізігіш желілері арқылы су хлордың жоғары дозасымен беріледі,

**сондықтан суды ішуге және ас дайындауға пайдаланбауды ұсынамыз!**

Аталған жағдайға байланысты тұрғындарға тәуліктік ауыз су қорын жасап алулары қажет.

Мекеме басшылығы уақытша қолайсыздық үшін кешірім сұрайды.

**Приозерск қаласының әкімдігі жанындағы «КТҮҚҚБ» КМК**

## УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ КОММУНАЛЬНЫХ УСЛУГ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

**В ночь $00^{00}$ часов с 09 июня до $23^{59}$ часов 10 июня КГП «УЖКР» будет производить планово-профилактическую дезинфекцию водопроводных сетей города без отключения водоснабжения.**

В связи с этим, с $00^{00}$ часов 09 июня до $23^{59}$ 10 июня вода потребителям города Приозерск будет подаваться с повышенной дозой хлора.

**Не рекомендуется употреблять ее для питья и приготовления пищи!**

Потребителям города, рекомендуем иметь суточный запас питьевой воды.

Администрация предприятии приносит извинения за временные неудобства.

**КГП «УЖКР» при Акимате города Приозерск**


## Уважаемые жители города Приозерск!

*Приглашаем вас посетить наш бутик “Золушка”, расположенный на центральном городском рынке.*
*Вашему вниманию рекомендуем высококачественную косметику производства Южная Корея,*
*средства ухода за кожей лица и тела, витаминные комплексы, бальзамы корпорации “Сибрское здоровье”.*
*Принимаются заказы на доставку продукции по каталогу.*

*Также, наш бутик является точкой бесплатного распространения местной газеты “Приозерский вестник”.*

**Контактный телефон: 8-777-103-8589**




## ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**
**Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107**
**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час.**
**Выходной - Понедельник**
****
**Запись по телефону:**
**мастера-парикмахеры:**
**8-775-274-25-87 (Анталий),**
**8-747-970-25-81 (Карлыгаш).**
**На маникюр:**
**8-708-235-35-19 (Анастасия)**




## НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

**Цена– 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.**
**Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35**



**Собственник: ИП Струментов А.В.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г.
Свидетельство о переучете ППИ **№ 17414-Г** от 24.12.2018 г.
**Адрес редакции**: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15,
Заказ № 23/667. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,
формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**


*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*